

Ұлттық сананың дүниетанымдық үлгілері**Әсем С. Сағатова***Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан*

E-mail: asem.sagatova@list.ru

<https://orcid.org/0000-0001-7283-9380>

DOI: 10.32523/2616-7255-2022-139-2-218-233

Аңдатпа. Қазақстан Республикасының Тұңғыш президенті Нұрсұлтан Назарбаев қоғамның жаңғыруының бастауында тамыры тереңге бойлаған тарихтан нәр алатындығын атап өткен болатын. Мақалада ұлттық сананың дүниетанымдық үлгілерінің көрінісі ретінде қазақтың кемеңгер, данышпан ойшылдарының өмірі мен қызметіне жан-жақты талдау жасалынады. XVII ғасыр тарихында табиғатынан ерекше жаратылған, даналық ойымен, ақылман шешендігімен, өзіндік терең болмысымен ой салған сондай дара тұлғаларымыздың бірі бабамыз Бұқар жырау шығармашылығын зерделеу – мақаланың негізгі идеясы. Тәуелсіздікке ұмтылыс сан ғасырлық даму жолында ұлттық дүниетанымның өрістеуіне қазақ қоғамының басынан өткерген тарихи-саяси-әлеуметтік жағдайлар негіз болса керекті. Автор осындай мұрағаттық қорды келекшек ұрпаққа жеткізу, ой-санасына тоғытуды – бүгінгі күннің өзекті мәселесі екендігіне баса назар аудартады. Қазақ даналығының бай мәдени-рухани мұрасын насихаттау арқылы ана тіліміздің ұрпақтар сабақтасығындағы қадір-қасиетін көрете білу де автордың негізгі мақсаты болған. Бұл өз кезегінде, өскелең ұрпақты отансүйгіштік қасиет рухында тәрбиелеу тұрғысынан қазіргі мемлекетіміздің мызғымастығын дәріптейтін ең басты факторы болмақ. Әрі өткен тарихтан салиқалы сабақ алу жолымен танып-білу, қорытынды шығару арқылы болашаққа ұмтылысқа негіздейді. Ұлттық мәдениетіміздің тарихи аясының кеңейіп, қайта жаңарып өркендеуі халқымыздың рухани мұралары мен дәстүрлерін қастерлеуі – жаһандық әлемдегі өзіндік дербестігінің айғағы. Рухани мұра – кез келген халықтың ұлттық ділінің өзегі болып табылатын әдетке айналған салт-сана. Дүниені тану, дүниені сезіну, қоршаған дүниені қабылдаудағы адамзат баласының танымдық қабілеттерімен астасып жатқан бабаларымыздың өмірлік тәжірибесі болса керекті. Осы өмірлік тәжірибесі уақыт өте келе болашақ ұрпақ үшін тәрбиенің арқауына айналғанды. Рухани мұра негізінде – адамгершіліктік құндылықтар жетіледі. Адамгершілік адам арасындағы қарым-қатынас пен қабілеттен туындайтындығын бабалар мұрасынан танимыз.

Түйін сөздер: ұлттық сана; ұлттық болмыс; даналық үлгілері; ұлттық мәдениет; өршіл намыс; ежелгі мұра; мұрат-мүдде; адамгершілік қасиет; ізгілік; дүниетаным; рухани мұра.

For citation:

Sagatova A.S. Worldview models of National consciousness // Bulletin of the L.N. Gumilyov ENU. Historical sciences. Philosophy. Religion Series. 2022. – Vol. 139. – №. 2. – С. 218-233. DOI: 10.32523/2616-7255-2022-139-2-218-233

Для цитирования:

Сағатова Ә.С Ұлттық сананың дүниетанымдық үлгілері // Вестник ЕНУ им. Л. Гумилева Серия Исторические науки. Философия. Религиоведение. – 2022. – Т. 139. – №. 2. – С. 218-233. DOI: 10.32523/2616-7255-2022-139-2-218-233

Кіріспе

Н. Назарбаев өзінің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында санамыздағы жаңғырудың іс-әрекетімізден әлдеқайда алда болу керектігін көрсеткен болатын. Осылайша бұл алға қойылған ерекше маңызды екі процестердің, яғни саяси реформа мен экономикалық жаңғырулардың өзегіне айналатындығына еш күмән тудырмайтындығына баса назар салған болатын. Соған қарағанда, «Рухани жаңғыру» – бұл ұлттық болмыстың негізінде ұрпақтар сабақтастығымен ғасырдан ғасырға жалғасқан қазақ халқының өмірлік ұстанымдарының, адамзаттық керемет қадір-қасиетке ие болған өшпес даналық үлгілерінің үрдісі өзінің даму жолындағы өткен кезеңдер игілігін түлету. Н. Назарбаев ұлттық код, ұлттық мәдениет сақталмаса ешқандай жаңғыру болмайды, – деп нық айтқан еді. Бұл жалпыадамзатқа ортақ құндылықтардың ешқашан да ескерусіз қалмағандығының дәлелі (Рухани жаңғыру, 2017).

Ұлттың өзіндік келбетін танытатын оның – өршіл рухы, асқақтаған жігер-қайраты, әрі өз елінің мүддесі мен тағдыры жолындағы қайсарлығы мен ерлігі. Осындай болашаққа, жасампаздыққа ұмтылыстар алға қойған асыл арман – мызғымас тәуелсіз мемлекет орнату жөніндегі ұлы мақсат-мұраттарға айналған еді. Көкірек түбінен халықтың мұратына, ізгі тілегіне айналған сара жолды игеру жеке тұлғалардың көпшілік алдындағы жауапкершілігін арттыра түскен болатын. Олар өмір сырын тереңінен бағдарлай отырып, халқына жанашырлықпен елдік пен қайсарлыққа үндеген. Міне, осы міндеттерді жауапкершілікпен атқарған ақын-жырауларымыз қазақ философиясының рухын асқақтатқан өршіл намыстың жаршылары болған еді.

Зерттеу әдістері

Жұмысты жазу кезінде тарихи, салыстырмалы және типологиялық әдістер кеңінен қолданылған. Сонымен бірге, ойлаудың өзіндік ерекшелігін зерттеуде философиялық рефлексия әдісі пайдаланылды. Қаралып отырған мәселеде тарихи қағидат осы кезең құбылыстары жаһандық және тарихи тұрғыдан зерделеніп, бағалануында өзіндік көрінісін береді. Бұл өз кезегінде кешегі, қазіргі және болашақ туралы ойлау тәсілі ретінде өткен құбылыстардың түп-тамырын саралауда дәуірлер арасында сабақтастық бар екенін түсіну үшін, әрі әр дәуірді оның тарихи ерекшеліктері мен жағдайлары тұрғысынан мәселені тереңірек түсінуге мүмкіндік берді.

Талқылау және нәтижелер

Халық дүниетанымы – қоғамдық дамудың арнасы ретінде.

Қоғамның дамуына, экономиканың өркендеуіне байланысты қазақ халқынан философиялық ой-пікірлер айта білген қайраткерлер шықты. Бұлардың қатарын негізінен қазақтың кеменгер, данышпан ойшылдары, ақын-жыраулары, би-пешендері құрады. Олардың шығармаларына арқау болған ата-қоныс, адам, қоғам, болмыс, сол уақыттағы әлеуметтік жағдайлар. Талай ғасырдан бері атадан балаға мирас болған ақын-жыраулар, билер, батырлардың философиялық ойлау жүйесінің құрылымын жасауда өздері өмір сүріп отырған дәуірдің объективті құбылыстарын тілге тиек, ойға өрнек етіп, биік деңгейде көрсете білген. Олардың әлеуметтік, қоғамдық, саяси көзқарастары, ойлары көшпелі өмір салтына сәйкес қалыптасқан қоғам болмысын бейнелейді. Сондықтан да мұндай данышпандық ой-жүйелері қазақтың дәстүрлі өмірінің тыныс-

тіршілігіне тән қоғамдық сана ретінде қалыптасты.

Қоғамдық дамудың үлкен бір арнасы – халық философиясы, халық дүниетанымы, саяси көзқарастары болып табылады. Халық арасынан шыққан даналар өмір тәжірибесін пайдалана отырып, өзі өмір сүріп отырған қоғам, тұрмыс болмысын, адамдар арасындағы қарым-қатынас, ел басынан өткен небір қилы кезеңдерді, жақсы-жаман қасиеттерін ой-сана елегінен өткізіп, жоғары деңгейдегі зерденің көмегімен терең де ауқымды ой-жүйесін құрады. Нәтижесінде қазақ қоғамына, қазақ даласына тән идеяларға, құбылыстарға философиялық, логикалық көзқарас қалыптасып, жоғары деңгейдегі ойлау шеңберіне көтеріледі. Бұл ұлы сахарадағы рухани өмірдің өзіндік ерекшеліктерінің көрінісі болып табылады.

«Жыраулық дәстүрде байқалған ортақ мәселелер – біріншіден адам болмысын зерделеу, халықтың жан дүниесіне үңілу, ұрпақтар арасындағы қарым-қатынастарды, көне мен жаңа нышандарды салыстыра бағалау. Әртүрлі сипаттағы адамдардың әлеуметтік келбетін жасауға көп мән беріледі. Адамның әрекеті адамгершілікке лайықты болуға дәрменді болмай, туған жерде елдіктің салт-дәстүрі пәрменді қалыптаспайды деген ой әрдайым еске салынады, талқыға түседі. Бұл жыраулық дәстүрдің философиялық сипаты» (Әлжан, 2008: 103).

Негізгі мәселе – қазақ қауымының әлеуметтік-саяси өміріне қоян-қолтық араласа отырып, өрілген жыр жолдары арқылы сол заманның қоғамдық-әлеуметтік жағдайын зерделей отырып, өз ой-тұжырымдарын ортаға салған өз дәуірінің ойшылы, философы бола білген жыраулық дәстүр өкілдерінің қоғамдағы рөлі мен орнын зерделеу. Сонымен бірге, адамның күнделікті тұрмыс-тіршілігіндегі шынайы болмысын сөз еткенде ең алдымен қазақи дәстүрден бастау алған адамгершілік танымдарының жақсы-жаман өлшемдері тұрғысынан саралайды. Соған қарағанда, болашақ ұрпақтарына бағдар ретінде

кемелділікке жетудің жолы ретінде оның кісілік қасиеттерін, өмірлік тәжірибесі негізінде алған тәрбиесі мен мәдениетінің іс-әрекетімен сәйкес келуін насихаттайды.

Тәуке хан сынап көрмекші болып Бұқарды кезекті отырысқа шақыру сәті түскен екен. Әдеттегідей жиналған діни адамдар, ойшылдарға хан сауал қойған деседі: «Дүниеде не нәрсе өлмейді, соны ойланып-толғанып тауып беріңдерші маған». Жиылған қонақтар ішінен берілген жауаптардың ешбірі хан көңіліне қонбаса керекті. Сол сәтте хан алдында сөйлеп көрмеген Бұқар: «Рұқсат болса, хан ием, мен көрейін деп, орнынан ұшқан құстай қомданып, еңсесін көтеріп алып, даусын қырағыттады да сөйлеп кетті. – Алдияр тақсыр! Өлмейтұғын нәрсені мен айтып беремін, бұлардың айтқанының бәрі өлетұғын нәрсе деді де:

...Өлмегенде не өлмейді?
Жақсының аты өлмейді,
Ғалымның хаты өлмейді!

– анық өлмейтін нәрсе осы екеуі, хан ием! – деген екен». Осылайша хан бастатқан көпшіліктің қошпеметіне ие болған деседі (Омари, 1994: 66). Бұл жердегі ай мен күннің шырқау биіктен беткейге барып, көкжиекте батуы, яғни олардың күн мен түн кейпіндегі табиғат заңдылығымен ауысып отыруын адам өмірінің өткінші құбылыстарын анықтаушы басты ұғымдар ретіндегі қолданысы хас шеберліктің көрінісі. Ал адамзат баласына мәңгі ғибадат түріндегі «ғақлия» сөзі бұл – жақсы адамның ешқашанда ұмыт болмайтындығын, оқыған, тоқыған білімпаздылығының келер ұрпаққа берері мол екендігін ғибрат етеді (Нұрғали, 2013: 56). Күн және ай түсініктерін көркем шығармашылықта қолданысының тарихы әріде жатса керек. Бұл жөнінде академик Әлкей Марғұлан өзінің «Қорқыт күйші» еңбегінде ерте заманда қазақ пен монғол халықтарына ортақ символ сөздердің мағынасын келтірген: 1) Күн – махаббат, әділет, ғашықтықтың белгісі. «Күнім» деу

махаббаттың, сәби тазалықтың күшті түрі санаған. 2) Ай – сұлулық, сана ишарасы болған. 3) Жұлдыз – мереке, ойын-сауық, жастық белгісі болған дейді (Негимов, 2001: 61). Соған қарағанда күн – бұл жерде адамның өмірге деген құлшынысы, алайда өмір мәңгі емес. Ал айды адамның сұлулығы тұрғысынан қарастырар болсақ, адам сұлулығының да бір кезде қайталанбайтындығын тұспалмен жеткізу тәсілі ой-қарымында түсінікті келтірілген. Жалпы адамның ғұмыры, оның мәні мен мағынасы философиядағы ең негізгі мәселелердің бірі.

Бірлігінен айырылмаған, ұлттық санасынан арылмаған елдің рухани тізгіні ендігі жерде көркем сөз билігіне көшкендігінің айғағы – Бұқар жыраудың өмірі мен қызметі. Ежелгі мұра ұлттың тұтастығын сақтауда оның рухына жол беріп, болашаққа бой сермеген, айрықша қуатты құбылыс ретінде өміршеңдігімен елдің көкірек көзін ашты. Ұлттық рухтың ауыр салмағы осы қайраткерлерге түскен еді. XVII ғасыр тарихында табиғатынан ерекше жаратылған, даналық ойымен, ақылман шешендігімен, өзіндік терең болмысымен ой салған бабамыз – Бұқар жырау. «Дуалы ауыз» кеменгер ойшылдың мақсаты:

«...Арманым – бірлік,
арманым,
Арманым үшін
қармандым».

Ұлы ғалым Мұхтар Әуезов өз ойын былайша білдірген: «Біз жоғарыда зар заман сарыны Абылай тұсындағы екі алуан ақыннан басталады дедік. Біреуі – ақылшы би, қария, екіншісі – толғаушы жырау. Енді осы жіктің адамдары кім, соларға келейік. Әзірше бұл жіктің алғашқысына қосатынымыз – Асан қайғы, екіншісі – Бұқар жырау...» (Омари, 1994: 66).

Сонымен, қазақ рухани әлеміндегі даналықты әлеуметтендіретін ақыл-парасаты, ой-зердесі, болмысымен өмірге

әкелетін – қашанда жеке тұлға, дана, ойшыл адамдар. Қазақ философиясы дегенде XVII-XVIII ғасырларда өмір сүріп, ел тізгінін қолға алып, сөз өнерінің үлгісін жасаған, даналықтың, дарындылықтың тұғырынан көрінген атақты әулие абыз – Бұқар жыраудың есімі, таным-түсінігі, көзқарасы ойға оралады. Бұл жерде сөз болып отырған – оның телегей дарын иесі ретінде алты алаштың тіл өнерін меңгерген дарындылық қасиеті жыраулық, шешендік дәстүрлеріндегі алатын орны. Бүкіл әлеуметті аузына қаратқан, өмірден түйгендерін ақыл таразысына тартатын данагөй ақылман келер ұрпаққа мұра етіп қалдырған тек жыр-толғаулары, ой-тұжырымдары ғана емес, сонымен қатар, оның іс-әрекеті, халқына сіңірген еңбегі, өмірі де үлгі тұтарлық өнеге мектебі.

Шығармашылығының этикаға қатысты жақтарын қарастыруда басты кезек ата-баба мұрасына негізделген халқымыздың рухани байлығынан нәр алу, салт-дәстүрін жетік меңгеруге баса назар аударылады. Ал өз кезегінде атамұра – қазақтың өз болмысын өзіне ұғындыру, яғни оның тұлғалық бейнесін, адамдық құндылықтарды жинақтаудың үлгісі, нұсқасы. Қазақтың көне мәдениеті қалдырған рухани мұралары – адамгершіліктің де, данышпандықтың да қайнар көзі, бұлағы. Дала ақылмандарының әрқайсысының асылы ойлау қабілетінің насихатқа негізделген отты да нақышты айтылатын суырып салмалық таланттары, білім өресі, дүниетанымы, ішкі мәдениеті, берер ғибраты өз алдына бір дүние.

Сонымен бірге, сонау XV-XVIII ғасырларда өмір сүрген ақын-жыраулар шығармаларының ішкі иірімдеріне бойлай көз жүгіртсек, онда бір ғана тақырыптың аясына сиятын ой кешу ерекшеліктеріне, үлгі-өнеге, тәрбие түрлеріне, тәрбиелік үгіт, насихат ой-толғамдарына қайран қалмасқа болмайды. Қандай құбылысты алсаңыз да, халқымыз оны этикалық құндылықтарға негіздеген. Әлеуметтік тіршіліктің өзегінде, ойлау дүниесінің бел ортасында адамгершіліктің тұтқасы ретінде ең

алдымен, адам баласының бойындағы жақсы, жаман мінез-құлықтары, кісілігі, қадір-қасиеті тұрды. Ендеше, данагөй аталарымыздың мұрасы – сөз өнері арқылы жасалған адамгершілікті тану, игеру мектебі.

Ұлағаттылық үйлесімділігі

Рухани дәстүр өкілдерінің алға қойған мақсаты өз халқына ізгілік, жақсылық жолын көрсету. Оған апаратын жол ең алдымен адам бойындағы ең қымбат байлық – оның ішкі жан-дүниесі. Адамның жан-дүниесіндегі байлығы, рухани биіктігі – қоғамды алға апарушы негізгі тірегі. Адамның бойындағы ұлттық рухани биіктік, рухани бостандық, биік парасаттылықтың болуы – адамзат баласының мағыналы да мәнді өмір сүруі үшін адамгершілікке тән осы қасиеттерді бойына дарыта білу деген сөз. Бұның негізі адам баласының ішкі жан дүниесінің байлығы, мәдениетін қалыптастыратын ізгі қасиеттермен байланысты. Ішкі әлемінді тану адамды өзін-өзі тану сатысына көтереді. Адамның ақыл-ойы мен ісі сол адамның ішкі дүниесінің сырын байқататын болса, ал сол ішкі дүние сыры адамның өмірінде сезіп білген, ұстап тұтынған нәрселерді қабылдап, олардың мән-жайын тіршілік тәжірибесімен салыстыра отырып, пайымдауының нәтижесінен келіп шығады. Сондықтан да әр адам өзін-өзі танымайынша, ғаламды өз дәрежесінде тани алмайды. Табиғаттың бір бөлшегі ретінде адамның болмысы өз жаратылысы негізінен қарастырылады.

Демек, адамның ішкі дүниесі оның сыртқы дүниеден алған білімімен шектелмей, өзінің ішкі рухани мәдениеті, өмірімен де бағаланады. Кез келген адамның мінез-құлығына тән небір жаман-жақсы қасиеттер, сұлулығы мен көріксіздігі тек сырт дүниеден қабылдаған білім арқылы ғана емес, ең алдымен оның іс-әрекетіне де байланысты. Себебі бір адамға тек жақсылық қасиеттер мен әдеміліктің тән болуы мүмкін емес.

«Екінші ұстаз» атанған, ғұлама философ әл-Фараби адамның ар-ожданы алдында таза, шыншыл болуын оның бойындағы ізгі қасиеттерден, іс-қимылының дұрыс болуынан деп түйіндейді. Адамның өз бойындағы қасиеттерді қастерлеуі – адамшылықтың басты қағидасы. Дананың дүниетанымның өзегі адамдыққа, кісілікке тірек болатын қасиеттерге талдау жасауы, этикалық жүйелері адамгершілік қағидаларға негізделген.

Ғұлама айтылған дүниелердің түйіні ретінде даналыққа тоқталады. Оның пікірінше, даналық (немесе философия) адам мақсатының тамаша көркемдікке ие болуы. Бұл адамның іс-әрекеті даритын қасиеті бар заттарды танудың негізінде білім алушылық. Мұны әл-Фараби практикалық және азаматтық философия деп атайды. Бұл жерде біз даналықтың және адамгершіліктің өзара байланысының маңыздылығы тереңде екендігін байқаймыз. Даналық ең бастысы ақыл-парасатпен өлшенеді. әл-Фараби адамдардың ақыл-парасат арқылы ғана философияны меңгеретінін және сол философияның арқасында ғана адамдар бақытқа жететіндігін көрсетеді. Ақыл-парасаттың көмегімен адам ғылым мен өнерді игереді, әрі мінез-құлықтар мен іс-қимылдарының жақсы және жаман жақтарын бір-бірінен ажырату, пайдалы және зиянды жақтардың көмегімен пайымдау мүмкіндігін иеленеді.

Бабамыз әлеуметтік-этикалық көзқарастарында адамның жеке басына қатысты бақыт ұғымын оның адамгершілігімен ұштастырады. Бақыт бір сөзбен, философиялық ой-зердесі, терең ақылдылық, сонымен бірге, жақсы мінез-құлық үйлесімділігі. Соның ішінде, мінез-құлық табиғи жолмен жетілген адам жанының рухани байлығы. Ол әрқашанда адамдардың іс-әрекетімен танылады. Дана өзінің этикалық ілімінде оның негізгі ажырамас бөлігі саналатын ақыл-ой мен адамгершілікті жоғары қояды. Оның пікірінше, қайырымды адам дегеніміз ақылды, яғни адамгершілігі мол адам.

Мұндай адам өзіндегі адамшылық құндылықтарды танып, соған ие болып, оны одан әрі дамыту негізінде жетіледі. Ол үшін ең алдымен адам өзіне өзі адал болуы керектігіне баса назар аударады.

Ал әл-Фараби өзінің «Бақыт жолын сілтеу» трактатында былайша жазған: «Адамның өз ожданы алдында адал, шыншыл болуы адам өзіне өзі ізгі қасиетті болуынан, жүріс-тұрысы ізгі болуынан ғана туады. Ал егер өз бойында жоқ бола тұрып, адам өзін ізгі қасиетті адамға, жүріс-тұрысы жөнді адамға жатқызса, онда ол адамда өзі туралы жалған пікір туғандығы» (Әл-Фараби, 1975: 19).

Демек, ізгілік бұл – адамның өмірге деген құлшынысы, ұмтылысы, сүйіспеншіліктің шексіздіктегі көзі. Бабалар дәстүріндегі өмірге деген құштарлық, қоршаған орта, табиғат дүниесін тұщына білуі, оның қадір-қасиетін дәріптеушілік сезімдері осының айғағы болса керек. Сонымен, ізгілік – жақсылық, адалдық, игілік, мерей, іс. Ал ізгілікті әрекеттерді ақылмен, парасатпен, түсінікпен үйлесімділікте пайымдайды.

Әл-Фараби еңбектерінен дәстүрлі түркілік дүниетанымдағы космогониялық түсініктер, терең философиялық, моральдық-этикалық, ұлттық заңдылықтардың негізгі элементтерін көруімізге болады. Қазақ даласына тән данышпандық ой-толғаулардың, кесімбиліктердің, ой-тұжырымдардың қай-қайсысын ашып қарасаңыз сөз даналығының өзегі – адам. Адамның келешегі мен бүгінгісі, қайғысы мен қуанышы, арманы мен тілегі, қиыншылығы мен бақыты, болмысы мен болашағы. Демек, даналық және адамгершілік бір-бірімен тығыз байланыста жетіледі. Даналық, толысқан зерделілік пен адамгершілік теңдік пен келісімнен тұрады. Бір сөзбен айтқанда, ұлағаттылықтың үйлесімділігін құрайды. Ұлыс даласының данагөй би-шешендері, сұңғыла сөз зергерлері, ақын-жыраулар рухани ұстаздар іспеттес. Олар адамның жүрегі мен ақылына жол тауып, адам табиғатын кемелдендірудің

үлгі-өнегесін жетілдіріп дамытты. Адамдыққа, кісілікке тірек болатын қасиеттерді шыңдады.

Қазақ ойшылдарының даналық болмысын өздері өмір сүрген ортаның мәдени, рухани жетістіктерінің көрінісі деуге болады. Адамгершілік жөніндегі қағидалар қашанда даналықтың арқауы болған, ауыз әдебиеті үлгілерінде тиісті орын алып келген. Адам баласының бойына қуат берер осынау ізгі қасиеттерге баулуда даналықтан аларымыз көп, себебі даналық – «адамтану өнерімен» шендесіп жатыр. Халық даналығының жетістігі болып табылатын халық ауыз әдебиетіндегі көпті көрген ақылгөй қарттың өсиеті, ұлттық дәстүр, мәдениет, тарих, шежіре, философия, өнегелі сөз – нағыз ғылыми негізде тумаса да небір ықылым замандарды бастан кешірген, соқпақты жылдарда шыңдалған, халықтық тәжірибеден туған философиялық ойлар мен даналық пікірлер екені дау туғызбайды. Рухани тірек болып келген даналықтың жетістіктерін игеруде, өмірде пайдалануда, адам жоғары маңыздылықтарға ең бастысы «адам» деген құрметті атқа ие болады.

Жалпы өмірде ең негізгі принцип – адамгершілік қасиет. Адамгершіліктің өзегі – адам боп дүниеге келген соң қашанда адам боп қалып, адамша тіршілік жасауға тиісті, адамдық биіктен көрінуі керек. Ал мінезділік – ол адам жанының рухани байлығы. Халқымызда адам өміріне байланысты туындыларда табиғи мінез-құлық, өнегелік іс-әрекет жақтары қамтылған даналық ой-түйін, тұжырымдар өзінше бір дүние, өзінше бір әлем. Адам мәселесіне қатысты даналық тұжырымдардың, толғаулардың түбінде терең ой, пайымдау, көп нәрсені түсіну, небір қиындықтарды, бастан кешкен өмір тәжірибесі, көңілде ұялаған көкейтесті ойлар, сырлар, арман, мұраттар жатыр. Демек, даналық – адамгершілікке қатысты адам баласының рухани азығы, рухани асыл сөздер қазынасы. Ал адамгершілік – адам баласын қалыптастыру, жетілдіру тұрғысындағы өзекжарды құбылыс, қасиет. Осыған орай қазіргі уақытта осы мәселелерді

әрбір ата-ана бала тәрбиелеу мәселесінің негізгі өзегі – өмір тәжірибесі, халықтың әдет-ғұрпы, түптеп келгенде – даналық екендігін тереңінен ұғынып, түсінсе деген ниетімізді білдіреміз.

Соған қарағанда, Бұқар жыраудың «тақырыптық аясы, шеңбері – Жақсылық пен Жамандық, Елдік пен Ерлік, Ізгілік пен Зұлымдық, Әділдік пен Әдептілік, Жастық пен Кәрілік, Татулық пен Араздық, Достық пен Дұшпандық, Адалдық пен Арамдық, Тектілік пен Азғындық, Тұтастық пен Бірлік» деген ойын С.Негимов білдіреді (Негимов, 2021: 135).

Бұқар жырау өз туындыларында қайрат-жігер, ар намысты оятып қана қоймай, оны ұштай түскен. Ойшыл-философ адамның мінез бітістерін сана-сезімнің мәңгілікке құлшынысын, әрі ұлы мақсат-мұраттарға, саналы істерге шақырған.

А. Байтұрсынұлы «Біздің заманымыз өткен заманның баласы, келер заманның атасы» (Байтұрсынұлы, 2020: 16) – демекші, жырау өз толғауларында замана ағымымен қорланған, жан-жақты ой елегінен өткен өмір тәжірибесінен алынған даналықпен жасалған ой-қорытындыларды, адамгершілік мазмұнды насихаттаушы. Бұл жерде Бұқар жырау ақыл, нақыл, ғибрат жырларымен өрілген адами рухты асқақтатқан сөз зергері ретінде өз көрінісін береді.

Қазақ даналығының басты бір ерекшелігі қазақтың ойлау әдісінің (немесе менталитетінің) метафоралығында. Яғни, айтатын ойын жұмбақтап, тұспалдап, мақалдап жеткізуінде. Әрине, бұлардың әрқайсысы өзінше жеке дара күйінде кездеспейді. Қайта бір-бірімен бірігіп, қойындасып, өзара байланыста болатын сөз саптау тәсілдері түрінде кездеседі. Көп жағдайда қазақ рухани дәстүріндегі данагөй тұлғалар айтқалы отырған затты немесе құбылысты, оқиғаны айқындай түсу үшін оларды өзге бір зат, құбылыспен ауыстырып алмастырады. Сөз болып отырған құбылысқа бейнелі балама тауып қолдану

арқылы ділмар ойын тереңдетіп, оған тың мазмұн негіздейді, сөздің әсерлілігін күшейтеді. Даналық сөздерде метафораның көптеп кездесуі олардың зерде-пайымның нәзіктігін, көңіл көзінің бір затты екінші затқа балауда дәл өлшеп, анық елестететіндігін көрсетеді. Қолданылған метафоралар беретін мазмұны мен мағынасы жағынан дана адамдардың көңіл-күйімен, көзқарас түсінігімен тығыз бірлікте үндесіп айтылады. Данагөй абыздар сөздерінде метафораның қай түрін қолданбасын, бәрін өздерінің ең түпкі негіздеген мақсаттарына бағындырған. Содан да олардың метафоралары бірде ой-қиял, сезімді тербеп, ерлікке, батырлыққа шақырса, бірде қоғамдағы өрескел, жат қылықтарды шенеп, кекесін, мысқыл түрде болып келеді. Бұл ақылман тұлғалардың ортадағы құбылыс, оқиғаны сын-көзбен сараптап, бақылайтындықтарын байқатады. Даналық сөздерде айтылмақ болған ой-пікірлер, ой-тұжырымдар, түсінік-танымдары бейнелі, көркем сөзді тұспалмен жеткізеді. Ондай жолдардан үнемі шындық өмір тәжірибесін бір қорытындыға келтіру сарыны, ой-зердесінен туған байлам-тұжырымды бірден байқауға болады.

Суырып салмалылық қасиеті табан астында, жөпелдемеде қойылып отырған мәселе төңірегінде, әрі оның мән-мазмұнын бағдарлай отырып, келелі мәселелерді шешуде көріктеу, бейнелеушіліктің әдіс-тәсілдерімен емін-еркін «сөз сарайларын», «сөз күмбездерін» тұрғызып, шешіп отырған. Яғни, ой-қиялды қозғайтын сөз астарының сиқыры, сұлулығы, иірімі, терең мағынасы, өрнектілігі көпшілікті, әсіресе тыңдаушысын тәнті етсе керек. Сәуегей абыздың қадір-қасиетін бағалауда белгілі зерттеуші С. Негимов өз тұжырымын былайша жасаған: «Жыраудың ересен шығарымпаздық қабілеті, ой-санасы, көңілі реттілікке, жүйелілікке, ырғақтылыққа бейім болғандықтан, әрі жыр мен сырдан жаралғандықтан, қиыннан қиыстырылған құрыштай тастүйін сөздер, қанатты кесек ойлар, пайымды терең байламдар белгілі бір

нақышты мақаммен, тақпақтата, түйдектете, толқындата айтуды қалайды» (Негимов, 2001: 132).

Адамның өмірлік тәжірибесіне сүйене отырып, адам баласының әр кезеңіне тенеулермен шебер түйін жасаған, жастық дәуреннің өткінші құбылыс екенін, жігіттік, мәрттік қасиеттерді насихаттайды.

Бұл жерде жырау өмір, тұрмыс-тіршіліктің өзгермелі, ауыспалы, өткінші сәттеріне бой алған. Өмірдің ең қызық сәті жайнаған жастықтың базары адам баласының ең бақытты шағы екендігіне ерекше көңіл аударады. Адам өзінің өмірін қадір тұту керек. Бұдан түйіндейтініміз, дүниеде тұрақты, мәңгілік ештеңе де жоқ екендігі. Әлем, дүние бір орында тұрмайды, үнемі қозғалыста, даму үстінде болады. Ал адам баласының өмірі бәрі фәнилік, бәрі өткінші. Жарық дүниеге таза күйінде келген пенде өмір ағымымен, қоғам заңдылығымен жетіле отырып, небір жақсы, жаман қасиеттерді бойына дарытады. Ендеше өмірде қарама-қайшылықсыз еш нәрсе болмайды, себебі дүние түгелдей қарама-қайшылықтан тұрады ғой. Себебі «адам дүниедегі заттардың, құбылыстардың бәрі өтпелі, уақытша екенін білмейді, ескермейді...», дүние, өмір дегеніміз аумалы-төкпелі, үнемі бір қалыпта болмайды. Ұрпақтан-ұрпаққа жалғасар мәңгі тәрбие мектебі болған даналық сөздердің философиялық мазмұны – өмірдің мәні мен мазмұны жайлы мәңгілік сауалға толы, әрі адам бойында болатын небір жақсы, жаман қасиеттер. Ес тоқтатқаннан есейген жасқа дейінгі аралықта адам баласы алуан түрлі өмір сабағын игереді. Осы өмір тағылымын игеру барысында кім-кім де болмасын түрлі қателікке ұрынады. Өмірде қателеспейтін адам болмайды. Сол жіберіп алған қателікті қайталамау, одан сабақ алу өмірдің негізгі принципі болса керек. Туғаннан дана боп жаратылу адам баласының барлығына дерлік бұйырмаған, даналық өмір тәжірибесінен түзеледі. Міне, осынау өмір сапарына серік болатын, жақсы және жаман деп жіктелетін, әрі нұсқа, әрі қысқа бұл

ережелер адамда әрдайым сергектілікке баулып, қатеден сақтандырып отырады. Жақсылық пен жамандықты айыра білу де биік өнер. Ал жақсы қайсы, жаман қайсы, оны зердемен жете жіктеп айыра білу таным мен талғам, ақылдың ісі. Яғни, адамзат тірлігінің әдемі сән-көркі, қызғылықты шағы, ұмытылмас үрдісі бұл дүниеде екен. Мұны халқымыздың «Мың күн жұмақтан бір күн тірлік артық» дейтін даналығы да қуаттай түскендей. Ежелден адамзат баласы, соның ішінде, біздің ата-бабаларымыз да мейлі іс-әрекет болсын, мейлі сөйлейтін сөз болсын, не ойлайтын ойы болсын әрқашанда жақсы мен жаманға бөлген. Осыған орай тәрбие қағидалары қалыптастырылып, көптеген мақал-мәтелдер, мысалдар мен нақыл сөздер шығарылған. Мысалы, «жақсылыққа – жақсылық», «жақсы істің бәрі де ірі», «жақсылық қыл – алдыңнан шығады» және т.б.

Бұқар жырау медреседе оқыған кезіндегі арманы оқуды тәмамдап ел болашағы үшін қызмет жасау, елін, халқын жақсылық жолына бастауды көкседі, арман-тілегі болған еді. Сол уақытта жастық сезімге еліктеп, әрі еліне, туған жеріне деген сағыныш сезімінен туындаған өлеңдерінің бірі «Бұл, бұл үйрек, бұл үйрек...» (Артықбаев, 2019: 69). Жырау өзінің ішкі жан-дүниесіне, болмысына орай сөз өрнектерін табиғат құбылыстарымен шендестіре отырып, тіпті жансыз дүниенің өзіне әсірелеген кейіп, бейнелілікпен туған жерінің қызық-қуанышқа толы жаз мезгілін осындай сағыныш-сезімде көрсеткен. Оның даналық болмысы сөз өрнектерімен бейнеленгендігі соншалықты, өлең жолдарына мән берген қауымның ой-санасына шыншылдығымен қабылданып, суреттеліп отырған құбылыстардың философиялық астарын біліктілікпен баян еткендігі көңілге қонымдылығымен көрінеді. Дүниені, өмірді жан-жақты қамтып, кеңінен сипаттайды, бұл адамның ішкі жан толғаныстары, іс-әрекеті, көңіл-күй өзгерістерімен байланыста өрбісе керек.

Жалпы көрнекті бейнелеу құралы бұл – жыраулық өнердегі көркемдік шеберлік пен поэзия мәдениетінің деңгейін танытатын көрсеткіш. Жырау өз толғауында ой-сезім жаратылысын, рухани өмір әлемінің мазмұнын, табиғат дүниесін эстетикалық талғаммен қабылдауларын философиялық дүниетанымның түрліше балама ұғымдардың астарында берген. Осының негізінде адам өмірінің мәні күрделі шытырман, адам еркінен тыс бұралаңы көп қарама-қайшылықты мазмұнда беріледі. Бұл өмірдің бір қыры, бір жағы болса керекті. Ал енді оған қарама-қарсы жағы болса болмаса ажарлы, көрікті, бақ-береке базары екендігі көрсетіледі. Яғни, жалған дүниенің шынайы ақиқатын болжаушылық қасиетімен тұспа-тұс жеткізген.

Осындай көркем эстетикалық талғам тұрғысынан қоршаған әлем дүниесін сипаттауда Жаратушы оларға түйсік қуатын, біліктілік, зиялылық, парасаттылық дарын қасиеттерімен астасып жатқан жүйрік ой-қиялдарының ұшқырлығын қоса берсе керекті. Соның негізінде дұрыс әрекет жолы мен дұрыс түсінікті көрсететін санадан тыс өздігінен болатын сезім шығармашылық көкіреккөз – интеллекттің басты көрінісі ретінде жырауларда жоғары тұрса керек. Мұндай даралық қасиетті зерттеуші С.Негимов сөз кестесі мен бунақталу тәртібінің әуенін, орайын, шырайын түрлендіріп келтіруде меруерттей мөлтілдеген фразеологиялық оралымдардың бір-бірімен әсем қиысып, табиғи құйылып отыруы – жырау поэзиясының басты ерекшелігі дейді.

Жоғарыда келтірілген мысалдағы жұмбақтап сөйлеу, тұспалдап сөйлеу өнері бір-бірімен салыстырып қарастырсақ әрқайсысының тек өзіне тән даналық ойдың желісін, тек ұлттық мәдениетіміздің негізіне тән бір-бірінен өзгеше философиялық ойлау тәсілін көруімізге болады. Осының барлығын қазақ халқында субъект пен объект қатынасы және халықтың табиғатпен байланысы ұдайы үйлесімділікте болуымен байланыстырамыз. Бұл үйлесімділік өз

кезегінде адамдар арасындағы қатынастарға көшеді. Ал Еуропалық философияға персонализм («персона» деген сөз латын тілінде «жеке адам» деген мағына береді) тән болған. Яғни, бір адамды жеке персона ретінде бөліп алып, өзгелерге қарама-қарсы қою. Бұл жеке басының ерекшелігіне байланысты адамдардың өз мүдделерін қорғауы оларды өзара қақтығыстарға соқтырып, бір-бірімен ымыраға келмейтін жауға айналдырады. «Адам адамға қасқыр» – дейді Т. Гоббс (Энтони, 2019: 102). Ал қазақта адамдардың өзара қарым-қатынасында бір адам екінші адамға «сен» деп бетіне айтпаған. Сондықтан да өз ойын, айтар сөзін жеткізуде ойлау тәсілінің метафоралығы кең пайдаланылған. Бұл жалпы Шығыс халықтарына тән қасиет болған.

Ұлттық рухтың келбеті

Жалпы ұлттық рухани дәстүр туындылары өзінше бір философиялық ой тұжырымды көрсетеді. Даналық ең бастысы ақыл-парасатпен өлшенеді. Сондай ақыл-парасаты мол адамдар халықтың рухани қазынаға бай рухани әлемін мұра ретінде ұрпақтан-ұрпаққа сақтап жеткізіп отырған. Мұндай рухани әлемнің дені ауызекі поэзия дәстүрінің ықпалымен қалыптасып дамыған. Н.Назарбаев «Тарих толқынында» деген кітабында бұл туралы былай деп жазады: «Қазақтардың рухани әлемі негізінен ауызекі поэзия дәстүрінің ықпалымен қалыптасып отырған. Қазіргінің талай елін қайран қалдыратын осынау байтақ кеңістікті кернеген поэзиялық әлем тек қана сұлулық пен сезімнің шеңберінде шектелмеген. Ол жаңашылдықтың жалынын лаулата да білген. Содан да болар, қазақтың поэзиялық шығармашылығында мейлінше терең танымдылық қасиеттер бар. Сондықтан да қазақтың дәстүрлі поэзиясы ұдайы философиямен шендесіп жатады» (Назарбаев, 1999: 26). Ел аузындағы қара өлеңдер әсемдік, сұлулық, сезімділік түсініктерімен шектелмей, адамзат баласына

қатысты небір мейлінше терең танымдылық қасиеттерді көрсете білген. Сол себептен ұлтымыздың дәстүрлі поэзиясы болсын, аңыз әңгімелері болсын, сазды әуен, сазды күйі болсын, ұдайы философиямен, даналықпен шендесіп жатады.

Сонымен бірге, Бұқар жыраудың тағы бір ерекшелігі – ойын пайымдаушылықпен ортаға салуда, терең таразыланған дүние сырын, ой-пікірді, көркемдік мәнге ие болатын құбылыстарды философиялық тұрғыда тұжырымдауда қарама-қарсы алшақ екі ұғымды, екі затты, көріністі бетпелет қойып суреттеу тәсілін жетік меңгергендігі. Мысалы үшін, «Айналасын жер тұтқан, Ай да батпас деменіз. Айнала іпсе таусылмас, Көл суалмас деменіз». Тағы да осындай жолдар: «Құландар ойнар құ тақыр, Қурай бітпес деменіз. Қурай бітпес құба жон, Құлан жортпас деменіз» (Жарылғапов, 2015).

Сайып келгенде, өлең жолдарын мәнді мағынада «өре білу» мәдениеті, интеллект, интуиция шығарманың мазмұнын тереңінен толғаныспен бойлауда жыраулардың басты қасиеті. Бұндай құбылыс екінің бірінің қолынан келе бермейді.

Бұқар жыраудың тағы да бір толғауы бір жағынан адам болмысының адамгершілік тәрбиесіне, «ар тазалығына» қатысты өлшемдерін қамтыса, екінші жағынан отарлау саясатының ел мүддесіне қайшы қырларын көрсетеді. «Көкте бұлт сөгілсе, көктеп болмас, не пайда?» деу арқылы жауын-шашынның үздіксіз «төгілуі» көктің шығуына пайда тигізбесі анық, әрі тіршілік бастауы көктем мезгілінің өз ретімен келмесе оның пайдасы не дейді; «көкіректен жан шықса, қайтып келмес не пайда?» – бұл жерде адам жаны бұ дүниеден өткен соң, ол қайтып оралмайды, сондықтан адам болып ғұмыр кешу керек; «дін мұсылман болмаса, тіл мұсылман не пайда?» бұл тіптен қазіргі уақытқа тура саяды – өз ұлтыңның тілін ұстана жүріп басқа дінге ден қойсаң ұлттық қадір-қасиет қайда қалмақ; «қызда қылық болмаса, құр

шырайдан не пайда?» дегені адамның көркі, сұлулығы сыртқы ажар-шырайында емес, ішкі көркем жан сұлулығында, толысқан ақыл-парасатында дейді.

Жырау қоғам ішіндегі ақиқат дүниелерді адамдардың қоршаған ортамен қарым-қатынасында пайда болатын ішкі жан дүниесіндегі күйінішті, күйзелісті көңіл-күй арқылы жеткізген.

Отан-ана, туған жер, кең дала, асқар тау, атамекен, құтты қоныс – толғанса адамның ішкі жан дүниесін тебіrentетін аяулы тақырып. Бақ та, бақыт та, құт та осы Отаннан бастау алады. Жеріміздің қазына-байлығын, ырзық несібесін адамның болмысқа эстетикалық қатынасы тұрғысынан философиялық ой-толғамында өсиет қылады.

Жырау халқы барда өзіне де бақ қонып, құт дарып, бақытты ғұмыр кешетінін сездіртіп отыр. «Бұқар жырау дәуір, өмір, тұрмыс-тіршілік құбылыстарын және олардың себеп-салдарын түп-тамырынан қозғап қана қоймаған, білгір дана қиял қанатында самғап, келешек заманның кереметін де көре білген, көрегендікпен болжай таныған» (Негимов, 2009: 104).

Тарихи деректерге жүгінсек, бұл Бұқар жыраудың орыс пен қазақ арасындағы шиеленісіп кеткен жағдайды реттеуге келген орыс елшілігімен өткізілген Күлтөбедегі үлкен мәслихатқа қатысуынан кейінгі ой-толғанысынан туған толғау болған деседі. Бұқар жырау бұл мәслихатта қазақтың ханы Әз Тәукені көрді, елдің игі жақсыларының сөздерін тыңдады, ең бастысы сол мәслихаттағы жағдайлардан қазақ деген елінің жекелеген бытыраңқы ұсақ руларға бөлінген емес, біртұтас ел екендігін түсінген. Бұл жыраудың еліне, жұртына ырза болуы, ел-жұртының намысы, амандығы үшін, бүтіндігі, түгелдігі үшін жанын құрбан етуге дайын болған сезімінің туындысы еді. Ақын ұлттық ой, көркемдік сананың талай ғасырларға ұласар ұлан-ғайыр өрістерін көрсетіп бергендей. Бұқар жырау толғауларының құрылымы, сөз саптау

тәсілдері және сөз қолдану ерекшелігінің өзгешелігін әр жолдарынан аңғаруға болады.

Тарихты зерттеушілер дерегіне жүгінсек көшпелі мемлекеттің соңғы ханы мен жырауының арасындағы мына бір сұхбат бабамыздың сәуегейлік қасиетін тағы бір дәлелдегендей. Абылай ханның келешегін болжаған түсі мен оны Бұқар жыраудың жоруы туралы әңгіменің қысқаша тарихы мынадай:

– Мен жақында түс көрдім, – деді Абылай жырауға қарап. Егер Сәуе көрмеймін десек сол түсімді жорып бер.

Не көрдің, айта ғой, – деді жырау, бойы бір жеңілденіп қалғандай, ауыр сезімдер ықпалы сәл босаңсығандай. Сонда хан айтты:

– Түсімде бір жолбарыс келіп шатырымның алдына мойнын созып, шөгіп жатып алды. Бұл не қылғаны деп жанына жақындап едім, әлгі жолбарысым аю болып кетті. Аюға жақындасам, ол қасқырдай ырылдап ит-құсқа айналып, енді ит-құсқа қарасам, ол түлкі болып шыға келді. Осыдан кейін түлкінің орнына қарсақ, қоян, бақашаян, әйтеуір неше түрлі жәндік болып кетті. Осы болды көргенім.

Сәл бөгеліп қалған Бұқар жырау ханның бұл сапардан да, болашақтан да жорығаны көп екенін ұққандай. Аттың жалында, түйенің қомында өскен көшпелі елдің ұлдары тәуекелшіл келеді. «Қарап тұрсам дүние шолақ екен, бір-біріне адамдар қонақ екен» – адамның рухы мәңгі қонақ, тәніңнің жасаған ісінің бәріне рухың өмір бойы жауапты.

Кәрі жырау Абылайға сынап қарады, түсте не шешім бар екен өзі біледі ме, сезетін сияқты. Әйтпесе, дәл осы түсін айтпас еді, «Тәуекел түбі – жел қайық» деп кетіп бара жатқанға ұқсайды.

– Хан ием, – деді жырау, шатырыңның алдында жолбарыс болып жатқан – өзіңнің бақ-талайың. Жолбарыс болып жатқан – өзіңнің баққан елің – ұлы далада көсіліп орналасқан. Жолбарыс аюға айналса, сенен кейінгі заманда елің аюша алысар күн туар, одан қасқырша

ырылдасып, жауымен жұлысатын да заман болар. Ақыр түбінде елің күштінің алдында түлкідей бұлаңдар, алдау-арбауға үйренер. Түлкінің түбі бақа-шаян болса, қарсақ-қоян жүрсе, ол дегенің соңғы ұрпақ ұсақталып барып сол күйге жетер. «Құл жиылып бас болмас, құм жиылып тас болмас» деген сөз келер, жақсының түбі тұқымынан қиылар, бидің түбі сұйылар, еліңнің берекесі сөйтіп тыйылар» (Бабалар сөзі, 2013: 23).

Бұқар жыраудың мұрасын жинауды, жариялауды және зерттеуді тұңғыш рет қолға алған Мәшһүр Жүсіп Көпеев былайша тұжырымдайды: «Бұқарекен сөйлеген уақытыңда сөзі мұндай жүз есе, мың есе шығар. Бізге келіп жеткен тамыры ғана. Бұл кісінің сөзін түгел жазамын деушіге Нұқтың өмірі, Айыптың сабыры, Аплатонның ақылы керекті» (Көпеев, 2013: 217).

Қазақ ойшылдарының философиялық таным кеңістігі шексіз. Қайсысын алып қарасаңыз да қазіргі уақыт сұранысына рухани азық ретінде қоғамда маңызы өте зор. Кез келген ойшылдың шығармашылығының бітім-болмысының өзегі болған бұл адамшылықтың мән-мазмұны, адам және оның өмірінің мағынасы, дүниенің болмысы. Қазақ руханиятын танып білуде ойшылдың дүниетанымында көтерілген мәселелерді көтерген ой-толғамдарын бағдарлау біздердің рухани жетілуіміз үшін, ой-өрісіміздің өсуі үшін тигізер пайдасы шексіз демекпіз.

Қазақ ойшылдары, билері, ақын-жыраулары өз ойын көркем сөзбен жеткізіп отырған. Әр сөздің астарында көңілге қонымды, философиялық тұжырым, терең ойшылдық жатыр. Бұндай ойшылдықтың ерекшелігі – ұлттық тәрбиеліктің маңызы. Ол – халықтың асыл қасиетін қабылдау, рухани байлығынан сусындау, салт-дәстүрін жетік меңгеру. Қазақ елі қазақтың кең жазира сахарасы халқымыздың ұлттық мақтанышына айналған, оның ұлттық қадір-қасиеттерін, салт-дәстүрлерін, мәдениетін өркендетіп дамытқан. Рухы өжет халқымыз

әр ғасырдың өзін ұлттық өнер, дәстүрі арқылы алтын ғасырға айналдырған. Ата-баба мұрасы ұлттық санамызды мейлінше кемелдендіріп, жаңа рухани күшпен жігерлендірді. Сайып келгенде, бұл халқының еңсесін тіктеу рухы, жігерлендіру рухы. Халықтың тұтастығы, ел іргесінің беріктігін, ұлттық санамыздың серіктігін, салт-дәстүріміздің өміршеңдігінің, бойымызда ұлттық қабілет-қасиеттерді сақтаудың бірден-бір кепілі, негізі. Осы тұрғыдан жыраулар шығармашылығының рөлі ерекше, өздері өмір сүрген уақыттың, заманның, қоғамның әлеуметтік-саяси ахуалдан ақпарат көзі ретіндегі рөлі тағы бар, көркем шығармашылықтың биік шыңына көтеріліп қана қоймай, ұлттық философиямыздың құнды игіліктерін байытқан, рухани дәстүр мен мәдениетіміздің сабақтастығына нәр берген рухани қазына ретіндегі орны, мәні зор демекпіз. Тілі қуатты, ойы ұшқыр жыраулар поэзиясы көшпелі қоғам өміріндегі қоршаған ортаның бар бейнесінің көркемдік айрықша қасиетте сипаттап, бейнелейтіндігімен ерекшеленеді. Бұл «өмір болмысы мен өнер болмысының» жарасымды үндестігі. Қазіргі таңда бабалар даналығының ұрпақтар сабақтастығымен үндестігі қазақ философиялық тарихының және тарихи-философиялық сананың қалыптасуына ықпалы зор демекпіз. Ұрпақтар сабақтастығы негізінде жыраулар шығармашылығы кейінгі буын өкілдерінің дүниетанымдық көзқарастары мен тілінің көркемдік ерекшелігіне, туындыларының терең арнасына айналып, айтарлықтай ықпал-әсерін тигізбей қоймады. Рухани болмысқа тереңдей отырып, болашақ туындыларды өмірге әкелуде ерекше әсер еткен қуат көзін тапқандай болды. Осы арқылы сөз өнерінің құдіретіне деген көркем талғампаздық одан әрі самғай түсіп, жыраулар тілінің рухы асқақтады.

Сана түсінігі бар адам үшін бабалардан қалған даналыққа толы үлгі-өнегелік сөздері мен іс-әрекеттері, елі мен мемлекетінің мұрат-мүддесін ұран еткен

толғамдарының ықпал-әсері зор. Ежелден түркілік рухани-мәдениеттен бастау алған дана ойшылдардың дүниеге құштарлығы жолындағы ізденістері оны игілікті өмір идеяларымен ұштастыра білуінде. Ынтымақтастық, ауызбіршілік негіздей отырып, елдің біртұтастығы жолында елінің шетіне тиген жауының алдында тайсалмастан өр мінезді қайсарлықпен, ұлттық рух пен намысты ту еткен қасиетті, қадірлі ой-толғамдарын тани білген адамға игілікті тағылым болмақ.

Ежелден бабалар асқақтатқан рухымызды, осы өмірімізге жеткізген тарихымызды қастерлеп, қадірлей білген абзал. Тарихтың түп қазығы, темірқазығы бұл – ұлттық рух. Осының арқасында ашық аспан, табиғат төсінде емін-еркін көшіп-қонған салт-дәстүр, қасиетті тіліміз бен ділімізді, дінімізді аялай білу – өз Отанын, халқын, жері мен суын шынайы сүйетін, халық мүддесі үшін бар күш-жігерін, қабілетін аямайтын адам үшін басты міндет, туған жері алдындағы парызы, борышы. Осы сабақтастық дәстүрін берік ұстанып, халқымыздың рухани мәдени мұрасын, даналығын қадірлеп, мемлекет және ел тағдырының болашағы үшін рухымызды биік ұстап, қандай қиындықтар болмасын мойымастан еңсере білу.

Қорытынды

Қорытындылай келетін болсақ, қайраткерлердің тұлғалық қадір-қасиеттерін танытатын олардың көркемдік үлгі-өрнектер дәстүрі, қоғамдық ой-пікірлері, философиялық көзқарастары – барлығы да өз заманының тілек-талаптарына сәйкес қалыптасқан. Ұлы дала тарихына көз салар болсақ, қоғам қайраткерлері тек сөзімен ғана емес, адамдар мұраты үшін тыңдырған ісіне қарасаңыз да ерен тұлғаларымен дараланып тұрады. Қазіргі таңда қоғамдық сананы модернизациялау, яғни рухани жаңғыруда ұлттық рухани дүниетанымға деген сұраныс белең алуда. Өйткені, көптеген көкейтесті мәселелерге, өмірлік ұстанымдарға жауап

ретінде тек философияның жауапкершілікпен ой салуға қауқары бар екендігі хақ.

Сол себепті күн тәртібінде тұрған ең басты мәселеге баса назар салар болсақ, бұл – өскелең ұрпақ, жастардың рухани жаңғырудағы сұраныстарын, рухани ізденістерінің орнын толтыруға деген бағыт-бағдар.

Негізгі мақсат – қазақ философиясын, төл тарихымызды, бабаларымыздың рухани өмір салтын, дүниеге көзқарастық идеяларды зерделей келе, бәсекелікке қабілетті, прагматикалық, ұстамдылық, радикалды идеологияға төтеп беретін рухани дүниесі бай ұрпақтар тәрбиесі болып табылады.

Әдебиеттер тізімі

- Абай пайдаланған басқа тілдер сөздігі. Нұрғали Р. Шығармалары. Т.8. Мақалалар, сөздіктер және биобиблиографиялық көрсеткіш. – Астана: Фолиант, 2013. – 320 б.
- Артықбаев Ж.О. Бұқар жырау: ғұмыр белестері / Ж.О. Артықбаев. – Қарағанды: Мағжан, 2019. – 144 б.
- Жұмағұл С.Б. Ахмет Байтұрсынұлы нақыл сөздері: әдеби-танымдық басылым / С.Б. Жұмағұл. – Қарағанды: «TENGGRI Ltd» ЖШС, 2020. – 23 б.
- Бабалар сөзі. Жүз томдық. Түс жору және ырымдар. 94-том. – Астана: Фолиант, 2013. – 426 б.
- Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру [Электрон. ресурс]. – 2017. – URL: <https://egemen.kz/article/119536-bolashaqqa-baghdar-rukhani-dganhghyru>. (қарастырылған күні: 26.12.2022).
- Әл-Фараби. Әлеуметтік-этикалық трактаттар. – Алматы: Ғылым, 1975. – 420 б.
- Жарылғапов Ж.Ж. Бұқар жырау шығармаларындағы романтизмнің бейнелеу принциптері. [Электрон. ресурс]. – 2015. URL: <https://articlekz.com/kk/article/16173>. (қарастырылған күні: 02.03.2022).
- Кенни Энтони. Батыс философиясының жаңа тарихы. 3-том. – Алматы: Ұлттық аударма бюросы, 2019. – 411 б.
- Әлжан Қ. Қазақ ақын-жырауларының философиясы. Жиырма томдық. 8-том / Қ. Әлжан. – Астана: Аударма, 2008. – 448 б.
- Мәшһүр Жүсіп Көпеев / Құрастырушылар: С.Е. Нұрмұратов, Б.М. Сатершинов, А.Д. Шағырбаев. – Алматы: ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, 2013. – 359 б.
- Назарбаев Н.Ә. Тарих толқынында / Н.Ә. Назаобаев. – Алматы: Атамұра, 1999. – 296 б.
- Негимов С. Ақын-жыраулар поэзиясы: Генезис. Стилистика. Поэтика / С. Негимов. – Алматы: Ғылым, 2001. – 280 б.
- Негимов С. Бұқар жырау поэзиясының көркемдігі. Бұқар жырау мен Мәшһүр Жүсіп мұрасы және қазақ руханияты. Республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары / С. Негимов. – Қарағанды: «Болашақ – баспа», 2009. – 527 б.
- Негимов С. Қазақтың шешендік өнері: монография / С. Негимов. – Нұр-Сұлтан: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2021. – 338 б.
- Омари Ж. Бұқар жырау. Он екі тарих / Ж.Омари. – Қарағанды: «Болашақ – баспа», 1994. – 333 б.

Асем С. Сағатова

Карагандинский университет имени академика Е.А. Букетова, Караганда, Казахстан

Мировоззренческие модели национального сознания

Аннотация. Первый президент Республики Казахстан Нурсултан Назарбаев отметил, что в истоках модернизации общества корни уходят в глубокую историю. В данной статье дается всесторонний анализ жизни и деятельности мудрецов, гениальных мыслителей казахского народа как отражение мировоззренческих моделей национального сознания. Основная идея статьи – изучение творчества Бухар-жырау, одного из самых выдающихся личностей в истории XVII века, наделенного мудростью, поэтическим красноречием, глубоким самосознанием. Исторические, политические и социальные условия, в которых живет казахстанское общество, являются основой развития национального мировоззрения в ходе многовекового развития стремления к независимости. Автор акцентирует внимание на том, что передача такого архивного фонда подрастающему поколению – это актуальная проблема сегодняшнего дня. Основная цель автора – показать достоинства нашего родного языка в преемственности поколений, популяризируя богатое культурное и духовное наследие казахской мудрости. Это, в свою очередь, станет главным фактором, превозносящим незыблемость современного государства с точки зрения воспитания подрастающего поколения в духе патриотизма. И основываются на стремлении к будущему через осмысление, выводы, извлечение уроков из прошлого Развитие и возрождение нашей национальной культуры, уважение к духовному наследию и традициям нашего народа в рамках истории – свидетельство его независимости в глобальном мире. Духовное наследие – это нравственные ценности, которые являются ядром национального менталитета любой нации. Жизненный опыт наших предков, передающееся из поколения в поколение, связан со способностями человека познавать и чувствовать мир, воспринимать мир вокруг себя. Историческое время свидетельствует, что наследие предков стали источником вдохновения для будущих поколений. Духовное наследие источник развития моральных ценностей. Наследие предков, мораль формируются вследствие всесторонних отношения в обществе. Мораль – это ценности и нормы регулирующие поведение людей, именно мораль раскрывает сокровенное человеческой природы.

Ключевые слова: национальное сознание, национальное бытие, образцы мудрости, национальная культура, честь, древнее наследие, идеалы и интересы, нравственность, доброта, мировоззрение, духовное наследие.

Assem S. Sagatova

Academician E.A. Buketov Karaganda University, Karaganda, Kazakhstan

Worldview models of National consciousness

Abstract. First President of the Republic of Kazakhstan N. Nazarbaev noted that the roots of the modernization of society go back to a deep history. This article provides a comprehensive analysis of the life and activities of the sages, brilliant thinkers of the Kazakh people as a reflection of the worldview models of national consciousness. The main idea of the article is to study the work of Bukhar-zhyrau, one of the most outstanding personalities in the history of the 17th century, endowed with wisdom, poetic eloquence, and deep self-awareness. The historical, political and social conditions in which the Kazakh society lives are the basis for the development of the national worldview in the course of the centuries-old development of the desire for independence. The historical, political and social conditions in which Kazakhstani society lives are the basis for the development of the national worldview in the course of the centuries-old

development of the desire for independence. The author focuses on the fact that the transfer of such an archive fund to the younger generation is an actual problem of today. The main goal of the author is to show the dignity of our native language in the continuity of generations, popularizing the rich cultural and spiritual heritage of Kazakh wisdom. This, in turn, will become the main factor extolling the inviolability of the modern state from the point of view of educating the younger generation in the spirit of patriotism. And they are based on the desire for the future through reflection, conclusions, and drawing lessons from the past. The development and revival of our national culture, respect for the spiritual heritage and traditions of our people in history – is a testament of its independence in the global world. Spiritual heritage – is moral values, which are the core of the national mentality of any nation. The life experience of our ancestors, transmitted from generation to generation, is associated with the ability of a person to know and feel the world, to perceive the world around him. Historical time points that the heritage of their ancestors has become an inspiration for future generations. Spiritual heritage is the source of the development of moral values. The heritage of ancestors and morality are formed as a result of comprehensive relations in society. Morality – is the values and norms that govern people's behavior, exactly morality that reveals the innermost of human nature.

Keywords: national consciousness, national being, models of wisdom, national culture, honor, ancient heritage, ideals and interests, morality, kindness, worldview, spiritual heritage.

References

- Abai paidalangan basqa tilder sozdigi [Dictionary of other languages used by Abai] Nurgali R. Shygarmalary. T.8. Maqalalar, sozdikter zhane biobibliografiyalyq korsetkish [Works Of Nurgali R. Vol. 8. articles, dictionaries and biobibliographic index], (Foliant, Astana, 2013, 320 p.), [in Kazakh].
- Zhumagul S.B. Ahmet Baitursynuly naqyl sozderi: adebi-tanyndyq basylym [Akhmet Baitursynuly Proverbs: literary and educational publication], («TENGRİ Ltd» ZhShS, Qaragandy, 2020, 23 p.), [in Kazakh].
- Al-Farabi. Aleumettik-etikalyq traktattar [Social and ethical treatises], (Gylym, Almaty, 1975, 420 p.), [in Kazakh].
- Artyqbaev Zh.O. Buqar zhyrau: gumyr belesteri [Bukhar zhyrau: stages of life], (Magzhan, Qaragandy, 2019, 144 p.), [in Kazakh].
- Babalar sozi. Zhuz tomdyq. Tus zhoru zhane yrymdar [The word of ancestors. One hundred volumes. Color horoscope and superstitions], (Foliant, Astana, 2013, 426 p.), [in Kazakh].
- Bolashakka bagdar: ruhani zhangyru [Orientation to the future: spiritual renewal]. Available at: <https://egemen.kz/article/119536-bolashaqqa-baghdar-rukhani-dganhghyru>. [in Kazakh]. (accessed 26.12.2022).
- Kenni Entoni. Batys filosofiyasynyn zhana tarihy [A new history of Western philosophy], (Ultyq audarma byurosy, Almaty, 2019, 411 p.), [in Kazakh].
- Nurmuratov S.E, Satershinov B.M., Shagyrbayev A.D. Mashhur Zhusip Kopeev [Mashhur Zhusip Kopeyev], (QR BGM GK Filosofiya, sayasattanu zhane dintanu instituty, Almaty, 2013, 359 p.), [in Kazakh].
- Nazarbaev N.A. Tarikh rolqynynda [In the history stream], (Atamyra, Almaty, 1999, 296 p.), [in Kazakh].
- Negimov S. Aqyn-zhyraular poeziiasy: Genezis. Stilistika. Poietika [Poetry of the poet-zhyrau: Genesis. Stylistics. Poetics], (Gylym, Almaty, 2001, 280 p.), [in Kazakh].
- Negimov S. Buqar zhyrau poeziyasynyn korkemdigy. Buqar zhyrau men Mashhur Zhusip muryasy zhane qazaq ruhaniyaty [The beauty of Bukhar zhyrau's poetry. The heritage of

Bukhar zhyrau and Mashhur Zhusup and Kazakh spirituality]. Respublikalyq gylimi-teoriyalyq konferenciya materialdary. («Bolashaq – baspa», Qaragandy, 2009, 527 p.), [in Kazakh].

Negimov S. Qazaqtyn sheshendik oneri [Kazakh oratorical art]: monografiya. – (L.N. Gumilyov atyndagy ENU, Nur-Sultan, 2021, 338 p.), [in Kazakh].

Qazaq aqyn-zhyraularynyn filosofiiasy [Philosophy of Kazakh poets and poets], (Audarma, Astana, 2008, 448 p.), [in Kazakh].

Zharylgapov Zh.Zh. Buqar zhyrau shygarmalaryndagy romantizmnin beineleu prinsipteri [Pictorial principles of romanticism in the works of Bukhar zhyrau]. Available at: <https://articlekz.com/kk/article/16173>. (accessed 02.03.2022), [in Kazakh].

Omari Zh. Buqar zhyrau. On eki tarikh [Bukhar zhyrau. Twelve stories], («Bolashaq – baspa», Qaragandy, 1994, 333 p.), [in Kazakh].

Авторлар туралы мәлімет:

Сағатова Әсем Серікқызы – философия ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан.

Sagatova Assem Serikkyzy – Candidate of philosophy, associate professor, Academician E.A. Buketov Karaganda University, Karaganda, Kazakhstan.